

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 маусымдағы N 882 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 шілде N 1032

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы 2000 жылы Нарын-Сырдария су қоймалары сарқырамаларының су-энергетика ресурстарын пайдалану туралы келісімді іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000

жылғы 12 маусымдағы N 882

P000882_

қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақтың бірінші абзацындағы:

"ЕЕКПЖ" РМК - 300 млн.кВт (Рср.сағ.= 180 МВт)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын;

"ЕЕКПЖ" РМК - 60 млн.кВт (Рср.сағ.= 35 МВт)";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Жамбылэнерго" ААҚ" - 240 млн.кВт (Рср.сағ.= 110 МВт)";

"Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары - 2000 жылғы 1 маусымнан 31 тамызға дейін; деген жолда "Қызылорда облыстары" деген сөздерден кейін "және "Жамбылэнерго" ААҚ" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК